



РАНОРАМА: ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ II

Жаңа индустриалдық кезеңдегі
өзгерістер



Дәрістің мақсаты: жаңа индустриалдық кезеңдегі миграциялық процестерге тоқталу, оның жағымды және жағымсыз салдарларын ашып көрсету.

Кілт сөздер: Американдық азаматтық соғыс, «нео-Еуропа», революциялар, штаттар, соғыстар.

Алдыңғы дәрістерде біз «жаңа заман» немесе «модерн» кезеңіне тән маңызды құбылыстарды, энергетикалық революция немесе өнеркәсіптік төңкеріс сияқты елеулі бетбұрыстық оқиғаларды қарастырғанбыз. Енді өзімізге, яғни адам баласына тікелей қатысты миграция мәселесіне тоқталамыз. Себебі нақты осы кезеңдегі миграция үдерістері әлемнің демографиялық картасының өзгеруіне, игерілмеген аймақтарға жаңа халықтардың келіп, сіңісуі нәтижесінде аралас ұлттардың пайда болуына ықпал етті.

XVIII ғасырда Англияда басталып, XIX ғасырдың ортасында жалғасқан Индустриалдық революция әлемдік деңгейдегі құбылысқа айналды. Капитал, технология мен ғылымның одағы адам өмірінің барлық жақтарын – көзге көрінбейтін отбасылық, тұрмыстағы жайттан қоғамдық сана көріністеріне дейін өзгеріске ұшыратты.

Осы және келесі дәрістерде біз индустриализациядан туындаған терең өзгерістерге бейімделу мен әсердің әртүрлі формалары туралы айтамыз. Біз осы аса күрделі динамиканы сипаттау барысында негізгі төрт аспектіге назар аударатын боламыз – нақтырақ айтсақ, жаһандық миграция мен жаһандық зорлық-зомбылыққа, сонымен қатар, жаңа секулярлық идеялар және жаңарған ескі діни дүниетанымдарға тоқталамыз.

XIX ғасырда өз үйінен кеткен мигранттардың саны 150 миллионға жетті. Халықты қозғалысқа әкелген себептер көп болды. Дегенмен ауылшаруашылығынан өнеркәсіп өндірісіне назар аударған индустриализация негізгісінің бірі болды.

Миграцияға түскен адам санының өсуіне демографиялық өзгерістер сәйкес келді. Белгілі болып отырғандай, Америкаға еуропалықтардың келуімен және Батыс жартышарында экспортқа бағытталған алғашқы экономиканың пайда болуымен жаһандық миграцияның негізгі векторына африкандық вектор айналды. XIX ғасырдың бірінші жартысына дейін әр жылы оң мыңдаған құлдар қант құрағы, кофе мен мақта плантацияларында қалу үшін Атлантиканы кесіп өтті. Алайда 40-жылдардан бастап құл базарына мұхит арқылы тасымалданған қара құлдардың саны күрт төмендей бастап, 1870 жылға таман мүлде тоқтады.

Адам саудасына байланысты адамгершілік тұрғыда туындаған наразылықтың артуы, экономикалық түйсіктің құлдыққа қарсы тұруы қоғамдық ұйымдар қолдаған уақытта ғана өз тиімділігін байқата бастады. Британиямен енгізілген салықсыз сауда жаһандық бәсекелестікті арттырып, сол арқылы құл еңбегінің сатқаннан түскен қосымша табысты төмендетті. Екі негізгі құлиеленушілік экономикалар – АҚШ пен Бразилияда құлдар көтерілісінің жиілеуі, Гаитидегі революцияның қаталдығы, құлиеленуші плантаторлардың жеке қауіпсіздігі үшін көп қаржы шығаруға мәжбүр етті. Ақырында, индустрияның жаңа перспективті салалары – инфрақұрылым, тау кені ісі және т.б. пайда болуы плантаторлық шаруашылыққа инвестициялар ағынын азайтты. Біртіндеп құл еңбегі жаңа заман кәсіпкерлерінің алдында экономикалық маңыздылығын жоғалта бастады. Капиталға жоғарғы өнімді және мобильді жұмысшы күші қажет болды.

XIX ғасырда дүниежүзі халқы санының жедел артуы – негізгі жұмыс күшімен бірге кәсіпкерлердің де жаңа жұмыс талаптарымен бетпе-бет келуіне себеп болды. XIX ғасырдағы капиталистердің пікірінше, жұмысшылар еңбекақысын қолма-қол алуы тиіс, сондай-ақ, үкіметтің жол жүру шектемелерінен және бастықтар мен жериеленушілердің әдеттегі еңбек міндеттемелерінен азат болуы керек. Сәйкесінше, XIX ғасырда қоныс аудару формасы күрт өзгерді. Өзге біреудің пайдасы үшін толығымен ауыр еңбекке жегілген құл ретінде алыс аймақтарға қоныс аударушылар саны күрт төмендеді, алайда мәжбүрлі еңбек жүйесі толық жойылған жоқ. Керісінше, негізінен экономикалық және саяси қысымның салдарынан ерікті түрде қоныс аударатындар саны бірнеше миллионға өсті.

Бірақ XIX ғасырда дүниежүзінің көптеген елінде құл саудасын қалыпты жағдай ретінде қабылдағанын ескерсек, адам саудасы неге тоқтады? Өйткені құл саудасын тоқтату мен



оларға еркіндік беруді талап еткен қоғамдық қозғалыстар көбейді және Атлант мұхиты жағалауларында экономикалық өзгерістер болды.

Сьерра-Леонеге келген, азаттық алған құлдар. 1808–1855 жылдар аралығында құл саудасының жолын кесу мақсатында Британ әскери-теңіз флоты қырық мыңнан аса азат етілген африкалықты Сьерра-Леоне астанасы – Фритонға орналастырды. Мұнда олар жерге ие болып, шоқынды. Азаттық алып, криостық аталған құлдардың бұл ағымына Британдық отарлау саясатына қарсы жергілікті тұрғындар қарсы шықты, олар көшіп келген ерлер мен әйелдердің мәртебесіне қатысты да қарсы көзқарас ұстанды.

Трансатлантикада адам саудасының тоқтауы

Ағарту қозғалысының жоғары идеалдарының Одағы біртіндеп Индустриализация кезеңінің прагматиктерімен бірге адамды сатып алу мен сатуды заңсыз деп шығарды. 1814 жылға таман Англия, Дания, Нидерланды мен АҚШ адам саудасына тыйым салды. Бірақ бұл құлдықты институт ретінде жоюды білдірмеді – ол АҚШ-тың оңтүстік штаттары, Бразилия мен Куба экономикаларының негізі болып қала берді. Сонымен қатар, тыйымға қарамастан, құлдардың ішкі саудасы заңсыз трансатланттық сауда сияқты кем дегенде тағы елу жыл адам тағдырын өзгертуін жалғастыра берді. Құл саудасының контрабандистеріне Атлантиканы бақылап, құл сатушылардан тәркіленген «қара тауарды» Африка құрлығының батыс жағалауындағы өзінің кіші Сьерра Леоне отарына жіберетін Британдық флотпен санасуы қажет болды.

Еуропадан сырғақтау

Трансатланттық сауданың қысқаруымен Еуропа мигранттардың негізгі көзіне айналды. 1939 жылға таман құрлықтың шамамен 55 миллион тұрғыны әдетте жақсы өмір, олжа мен жаңа мүмкіндіктер үшін туған жерлерін тастап кетуге мәжбүр болды. Олардың көп бөлігі өмір сүрген еуропалық отарлар – «Жаңа Еуропа» деп аталынған еуропалық қоныстарда орнықты. Олардың ең ірілері АҚШ-та орналасқан. АҚШ-пен қатар, еуропалықтар әртүрлі бағыттар мыңдаған шақырымдарға тартты да кетті: бірі Сібірге, бірі Канада мен Аргентинаға, бірі Британдық империяның қылмыскерлерді түзетуге жіберетін ірі отары – Австралияға бағыт алды.

Тірек пункті және Жаңа Еуропа

Индустриализация мен демографиялық жарылыс әкелген Еуропадан келген жаппай миграцияның екі негізгі шарты болды. Біріншісі экономикалық сұранысқа байланысты бір саладан басқасына өте алатын мобильді жұмыс күші қажеттілігі туралы мәселе. Өз кезегінде қайта қоныстану жұмыс іздеген миллиондаған адамдардың пайда болуына әкелді. Бұл бірінші кезекте әлеуметтік-экономикалық құрылымда радикалды өзгерістерсіз шешуін таппаған жұмыс күші аз құрлықтың шығыс пен оңтүстік бөліктеріне қатысты болды.

Осы атап өтілген екі шартқа еуропалық құрлықтағы ішкі тұрақсыздықты қосу қажет. Ол астықтың шықпауы мен аштықта (Ирландиядағы сияқты) немесе Ресейдегі көптеген революциялар, Румыния мен Осман империясы үкіметтерінің этникалық және діни азшылық өкілдеріне қарсы қоданған кемсіту шараларында көрініс тапты.

Миллиондаған еуропалықтардың кез келген «нео-Еуропаға» келуі көп жағдайда жергілікті тұрғындар үшін әлеуметтік маргинализациямен, дәстүрлі өмір сүру қалпынан айырылуы, жартылай немесе толық жоғалуымен аяқталды. Мысалы, АҚШ-та жерге мұқтаж болған Ирландия, Скандинавия мен неміс мемлекеттерінен келген мигранттар үндіс халықтарын Миссисипиден батысқа қарай ысырып тастауға бағытталған мемлекеттік саясат үшін қосымша негіз болды. Ұқсас жағдай Оңтүстік американдық құрлықтың оңтүстік шетіндегі Патагонияда қалыптасты. Аймақтағы тәуелсіз арауқандар мен басқа халықтар Испаниядан отарлық



империяның кезінде индустриалдық армия мен Еуропадан келген жүз мыңдаған мигранттар толқынының екіжақты соққысына төтеп бере алмай өз жерлерін тастап, шегінуге мәжбүр болды.

Австралия мен Жаңа Зеландия аборигендері үшін еуропалық эмиграция үш ғасыр бұрын болған үнділіктердегідей демографиялық нәубетке айналды. Британдық империяның бөлігі, Австралия ұзақ уақыт бойы түзелуші отар ретінде пайдаланылды. Ғасыр ортасында алтын жаңа енді ерікті миграцияға негіз салып, оның нәтижесінде қоныстанушылардың саны он жылда үш есеге артты. Құқықтық және биологиялық тұрғыдан қорғаныссыз қалған аборигендер саны күрт төмендеді. Олар XX ғасырдың басында 100 мыңға да жетпеді.

Керісінше Сібірдің жергілікті тұрғының саны XIX ғасыр бойы әлдеқайда тұрақты болды; негізгі есеңгіреу бір ғасыр бұрын болды. Ресей империясының еуропалық бөлігінен шаруаларды қоныс аудару 1861 жылы крепостнойлық құқықтың жойылуы тездетті. Ол сібір халықтарының жерден айырылуына, құқықтық кемсітуге («бұратана» сословиесінің пайда болуымен байланысты), өмір сүру дәстүрінің өзгеруге ұшырауынан көрінді. Осындай қоныстану саясатының ұқсас зардаптарымен Ресей ықпалына кірген Орталық Азия көшпенділері де бетпе-бет келді.

Ресейлік еврей иммигранттар дүние-мүлкімен Нью-Йоркқа келді. Елдегі бүліктер еврейлерді Ресей мен Шығыс Еуропадан 30 жыл бойы қоныс аударуға итермеледі.

Азия және Африка мигранттары

Миграцияның елеулі толқыны Азияның шығыс және оңтүстік аймақтарынан келді. Азиялық мигранттар жиі уақытша жұмысшы күші ретінде өз үйлерін қалдыратын, сондықтан да олардың көп бөлігі қайта оралатын. Олардың да қалыпты өмір сүру тәртібімен қоштасып, қоныс аудару себептері, алыс, биографиялық белгісіздікке толы саяхатқа аттанған еуропалықтарға ұқсас болды. Дегенмен мұнда отарлық себеп үлкен рөл ойнады. Мысалы, Британия империяның қандай да бір аймағында жұмысшы күшінің жетіспеушілігін қамтамасыз ету үшін өзінің ірі үнділік резервіне жүгінді.

Тропикалық Америкадағы Азия жұмысшылары

1853–1873 жж. аралығында шамамен 125 мың қытайлық жұмысшы құлдық әлі заңдық күшке ие Кубаға орнықты. Онда олар қара құлдармен бірге қант құрағы егістіктерінде еңбек етіп, кубалық заңнамамен бекітілген әртүрлі шектеулер мен жазалардан зардап шекті. Мысалы, ол бойынша: «жұмыстан бас тарту немесе бастықтың басқа да шартын орындамаған колонист 12 рет қамшы ұрумен жазаланады, егер өз бетінен қайтпаса 18 рет, егер өз міндетіне кіріспесе, ол қамауға алынды.

Африкадан құл әкелуге тиым салғаннан кейін бос қалған жұмыс орындарын Шығыс және Оңтүстік Азиядан келген әйелдер мен ерлер толтырды. Алайда келісімшартқа отырған азиялық еңбек күші үшін жұмыс істеуге жағдай жасалмады.

Формальдық тұрғыда азиялық миграция ерікті болды. Бірақ күштеп мәжбүрлеу элементінің жоғына қарамастан, индустриализация және сонымен байланысты отарлық империяларды құру миллиондаған үнділіктер, қытайлықтар мен басқа да азиялық тұрғындарды миграциялық ағынға сіңісуге мәжбүрлеген ортаны қалыптастырды. Мәселе периферияның метрополияға экономикалық тәуелділігі мен жаппай кедейленуге қатысты болып отыр.

Құл саудасының жалғасы

Батыс жартышарында құлдықтың енгізілуі және алғашқы еуропалық қоныстардың пайда болуынан бастау алған ірі миграциялық толқындар нәтижесінде 1900 жылға таман әлемнің



этнографиялық картасы қазіргі біз білетін бейнеге келе бастады. Солтүстік Америка аумақтарында, Оңтүстік Американың оңтүстік облыстарында, Австралия мен солтүстік-шығыс Еуразия облыстарында еуропалық құрлықтан шыққандар басым болды. Оңтүстік пен Шығыс Азия тұрғынадарынан құралған елеулі конгломерат Зонд аралдарында, Малакка жартылай түбегінде, Тынық мұхиттық аймақта, Кариб бассейнінде, оңтүстік пен орталық Америкада қалыптасты. Қара нәсілділер екі Америкаларда да көрініс тапты, бірінші кезекте экономикасы құл еңбегіне негізделген аймақтарда, яғни АҚШ-тың оңтүстігінде, Кариб аралдары мен Бразилияда.

Дүниежүзі халқының саны XVIII ғасырмен салыстырғанда жедел өсіп, индустриализация және миграция жылдам қарқынмен жүргендіктен, қоғамды қайта құру мен басқарудың оңтайлы жолдарын ұсынатын қозғалыстар да көбейді. Газеттер, телеграф желілері және қаладағы кофеханалардың барлығы да өз идеяларын бұған дейінгілерден анағұрлым өте тез және алысқа таратуға әлеуетті реформаторларға мүмкіндік берді. XIX ғасыр «изм»-дердің алғашқы дәуірі – либерализм, республиканизм, консерватизм, нацизм, национализм, социализм және коммунизм. Бұл идеологиялардың барлығы нақты емес, күрделі және түрлі бағыттарда жүзеге асуға бейім еді. Дегенмен олар өрлеу ғасыры ретінде өзгеру бағытына үлкен ықпал еткен әлеуметтік қозғалыстарға түрткі болды.

Ғасыр ортасындағы ғаламдық өзгеріс және зұлмат соғыстар

Жаңа жағдай мен мүмкіндіктер туғызған индустриализация ғасырды қатыгездіктің жоғарғы деңгейімен сипатталған соғыстармен толтырды. XIX ғасырдың ортасындағы қақтығыстар жаппай жаңа технологияларды пайдалануымен ерекшеленді. Француз революциясынан басталған тенденциялар мен соғыстарды өткере отырып, индустриалдық кезеңнің қақтығыстары, сонымен қатар, келесі ғасырдағы катаклизмдердің алғышарттары да болды.

XIX ғасырдағы 50-60 жж. жойқын соғыстардың қатарында 1852–1856 жж. Қырым немесе Шығыс соғысы, 1864–1870 жж. Парагвай соғысы, 1851–1867 жж. Қытайдағы Тайпиндер көтерілісі, 1857–58 жж. Сипай көтерілісі мен 1861–1865 жж. Америкадағы азамат соғысы болды. Кезекті орыс-түрік соғысы сияқты басталған Қырым соғысы өте тез Ресей империясы мен батыс еуропалық державалар – Франция мен Англия арасындағы қанды қақтығысқа айналды (антиресейлік коалиция жағында қақтығысқа Сардиния, тіпті, кішкентай Люксембург қосылды). Әскери әрекеттер ірі Ресей империясының әртүрлі аумақтарында – Камчаткадан Балтық теңізіндегі Аланд аралдарына дейін орын алды. Бірақ негізгісі Қырым болып қала берді. Онда көпмыңдық ағылшын-француз-түрік корпусы 13 ай бойы орыстардың негізгі теңіз базасы – Севастопольды алуға тырысты. Ақыр соңында құлаған Севастополь Ресейді оның империялық мәртебесін кемсітетін жеңілдіктерге баруға мәжбүр еді.

Қырым соғысы оның қатысушылардың жарты миллион өмірін жалмады. Ол өзара қарама-қайшы екі құбылысты біріктірді: әскер басшыларының біліксіздігі мен жаппай жаңа технологияларды пайдалану. Бұл соғыстағы жеңіске қолбасшылық дарын мен жауынгерлердің әскери рухпен ғана емес, Ағылшын-француз коалициясының үлкен индустриалдық техникалық қарқыны арқылы жетті. Бұл бейбіт келісімшарт жасалынғаннан кейін бірден модернизация бағдарламасын ұсынған орыс үкіметімен де мойындалды.

Парагвайлық соғыс немесе Үштік одақтың соғысы – кіші Парагвайдың аймақтық державаға айналу ұмтылысынан туындады. Екі диктатор Карлос Антонио Лопес пен оның ұлы Франциско Солано тұсында Парагвай экономикасы даму үстінде болды. Бұл елге жақсы қамтылған және көп санды армияны құруға мүмкіндік берді. Осыған қарамастан, Парагвайға бірден үш қарсыласпен – Бразилия, Аргентина мен Уругваймен соғысу қиын болды. Соғыстың нәтижесінде қақтығыстың аяқталу тұсында 1870 жылға таман Парагвай халқы 60%-ға азайды, ер азаматтар халықтың бестен бір бөлігін құрады. Соғыс елді өзінің жеңімпаз көршілері мен халықаралық қаржы капиталына бағынышты деңгейге қойып, экономикалық апатпен аяқталды.

Абсолюттік көпшілік тұрғысынан ең жойқын қақтығысқа Қытайдағы Тайпинь көтерілісі айналды. Іс жүзінде бұл жаңа мемлекет – Тайпин – Хуна Сюцуня мен маньчжурлық династия



арасындағы нағыз азаматтық соғыс болды. Бір мезетте көтерілісшілерге орталық Қытайдың елеулі бөлігін империяның оңтүстік астанасы – Нанкин қаласымен бірге жаулап алу мүмкін болды. Бірақ тайпиндер лагеріндегі тәртіпсіздіктер мен Пекин сарайына батыс державаларының көрсеткен көмегі таразы басын Цин династиясына қарай тартып кетті. Соғысушы тараптар тұрақты түрде бір-бірін аяусыз жазалап отырды. Нанкинның өзі кем дегенде екі рет талқандалды: тайпиндер қаланы алған кезде және Цин әскерлері келген уақытта. Жалпы алғанда, маншы әулетін құлдырауға әкелген көтеріліс кезіндегі құрбандардың саны әртүрлі есеп бойынша 10-нан 30 миллионға дейін жетті.

Қытайды Тайпин көтерілісі жұлқылап жатқанда, ағылшын Ост-Инд компаниясы өзінің құрылғаннан бері ең елеулі қауіппен бетпе-бет келді. Сипайлар – британдықтарға қызмет еткен үнділік әскерлердің ереуіліне формальды түрде себеп болған жағдай – компанияның патрондарды майлау үшін шошқа мен сиыр майын пайдалануы болды. Іс жүзінде бұл көтеріліс отарлық әкімшілікпен байланысты бірқатар мәселені ашты: салық ауыртпалығы, жергілікті кәсіптің құлдырауы, нәсілшілдік, кедейлену. Көтерілісшілердің нақты «ұлтты» біріктіретін бағдарламасы болмады, бірақ отарлық билік пен британдықтарды жеккөрушілік оларға ортақ еді.

Көтерілісті басып және компанияны жойып, Британия отарларды тікелей басқару жүйесін орнатты. Ол билікті өз өкілі немесе вице-корольге берді. Жаңа әкімшілік мектептер мен заманауи инфрақұрылым құруға, сонымен қатар елдің табиғи және адами ресурстарын жүйелі түрде қанауға кірісті.

АҚШ-та 4 жылға созылған азамат соғысы XIX ғасыр тарихындағы қан-құйлы соғыстардың біріне айналды. Соғыстың көптеген себептері болды: федералдық орталықтың үлкен автономияға ұмтылған штаттармен өзара қарым-қатынастарында қарама-қайшылықтың артуы, аймақтық ерекшеліктер және де құлдар институты. Индустриализациядан пайда тапқан Оңтүстік мақта плантациялары құлдықтан бас тартқысы келмеді; Солтүстік болса, Оңтүстіктің ықпалын шектеуге, сонымен қатар, еріксіз еңбекке негізделген экономиканы іркілтуге тырысты. Солтүстіктегілердің үміткері Авраам Линкольнның 1860 жылы президент қызметіне тағайындалуы Оңтүстіктің Солтүстік американдық одақтан шығып, Оңтүстік Штаттардың Конфедерациясын құруға әкелді.

Қырым соғысы сияқты соғыс тұрақтылықты тексерген сынақ сияқты болды. Солтүстік оңтүстікті теңіз блокадасымен тұншықтырды, әскерін жіберді, 1863 жылы құлдарды еркін деп жариялап оларды көтеріліске үндеді. Солтүстіктегідей индустриалдық ресурсы болмаған Оңтүстік өзінің мақта саласындағы негізгі импортеры – Ұлыбританияға сенді. Бірақ Англия қолдау көрсетпеді. Оңтүстіктің жеңілетіні белгілі болса да, ол күші сарқылып, басты аймақтар жаулап алынғанға дейін, ақыр соңына дейін күресті.

Оңтүстіктің жеңілісі және оккупациямен аяқталған азаматтық соғыс іс жүзіндегі АҚШ тарихындағы қайғылы оқиғаға айналды. Дегенмен нақты Азамат соғысы құлдық институтын жойып, бұрынғы құлдарды формальды түрде ақ нәсілділермен тең азаматтарға айналдырды. Соғыс болса АҚШ-тың индустриалдық держава ретіндегі мәртебесін толық бекітті. Ол ішкі саясатта саяси күш орталығын Вашингтон мен федералдық үкімет тарапына өткізді.

Жоғарыда атап өткен соғыстар, Италия мен Германияны біріктіру бағытындағы еуропалық құрлықтағы соғыстар жаңа жаһандық динамизмнің қайғылы жақтарын сипаттады. Соғыстар бұған дейінгі мәселелерді қайта тереңдетіп жіберді. Бір уақытқа еуропалық державалар алдында, кейін АҚШ алдында ғаламдық үстемдік орнату ұмтылысы пайда болды. Отарлық жарыс уақытша Еуропадағы қысым деңгейін төмендетіп, құрлықтағы бейбітшілік иллюзиясын жасады. Бұл көңіл күй ұзаққа созылмады, XIX ғасырдың соңынан-ақ еуропалық державалар болашақта болуы мүмкін қақтығыс туралы ойлана бастайды.

Сұрақтар

1. Әлемдегі халық динамикасына қандай себептер болды?
2. 1814 жылы қай мемлекеттер адам саудасына тыйым салды?



3. Неліктен еуропалықтардың басқа аймақтарға келуі демографиялық катарстрофаға айналды?

4. Азиядан келген мигранттардың жағдайын сипаттаңыз.

5. Азиядағы ең талқандаушы соғыс ретінде неліктен Тайпинь көтерілісі аталады?

6. АҚШ-тағы азаматтық соғыстың нәтижелері қандай?

Әдебиеттер

1. Quoted in Robert Hughes, *The Fatal Shore: The Epic of Australia's Founding* (New York: Alfred A. Knopf, 1987), 278.

2. Quoted in Walton Look Lai, «Asian Contract and Free Migrations to the Americas», in David Eltis, ed., *Coerced and Free Labor Migrations: Global Perspectives* (Stanford, CA: Stanford University Press, 2002), 246.